



# Әлемдегі ерекше мұражайлар

- *Жер бетінде небір адам таңғаларлық мұражайлар бар. Олардың ерекшеліктері соншалық тіпті кейбір экспонаттарына қарап шошисың, кейде жиіркенесің, ал кейде тамсанасың. Егер сіз, мұражай өнеріне қызығатын болсаңыз, онда біздің сайттан әлемдегі ең ерекше деген мұражайлардың суретін тамашалаңыз.*

## Брюссельдегі іш киімдер мұражайы

Бұл мұражайға тек қана іш киімдердің кейбір элементтері ғана қойылған деп ойлап қалмаңыз. Мұнда танымал адамдардың іш киімдері олардың портреттегі суреттерінің басына кигізілген. Осылардың ішіндегі ең бағалы экспонат француз саясаткері Николя Саркозидің іш киімі. Брюссель мұражайының иесі жақында мұнда Саркозидің әйелі Карл Брунидің іш киімі және Иран президентінің іш киімі қойлатынын айтады.



# *Нидерландыдагы адам ағзасы мұражайы*

*Бұл музейге келген адам  
адам ағзасының барлық  
құпиясымен таныса  
алады. Мұражай  
ғимаратының өзі алып  
адамның денесі  
іспеттес. Мұражайға  
адамның аяғынан кіріп,  
басынан бірақ  
шыққандай әсер  
аласыз.*





- **Исландиядағы фаллос мұражайы**



**Мұнда түрлі материалдардан жасалған, түсі де әртүрлі жыныс мүшелері қойылған. Бұл музейде негізінен Исландияда мекен ететін көптеген еркек жануарлардың, сүтқоректілердің, теңіз жануарларының жыныс мүшелерін көруге болады.**

# Америкадағы Джон Стронгтың түсініксіз құбылыстар мұражайы

Мұнда негізінен неше түрлі генетикалық ауытқуларға ұшыраған аномалиялық құбылыстар мен мутанттар бар. Бұл музей жер әлемге көшіп жүріп түрлі экспонаттарын көрермен назарына ұсынады. Музейден Фиджи аралынан табылған су перісін (русалка), екі басты сиырды, басқа да қорқынышты аномалияларды көруге болады.



# Новосибирьдегі шпаргалкалар мұражайы

Бұл ерекше музейде шпаргалканың түр-түрін кездестурге болады. Шаш қыстырғыштарына, сырғаға ұқсас шпаргалкалар бар. Емтихан тапсырушы тапсырманы қатесіз орындау үшін шпаргалканы тығудың түрлі әдістерін қолданатынына көз жеткізесіз.



## Үндістандағы дәретханалар мұражайы

Мұнда ешқандай қысылмай бала ертіп бара беруіңізге болады. Өйткені музейдің іші толған унитаз. Мұнда 90-ға жуық елден унитаз әкелінген екен. Мұнда бағалы әшекейлер салатын сандық пішіндес жылжымалы унитаз бар. Кезінде бұл аңшылыққа барғанда қолданылған екен. Сондай-ақ мұнда келушілер король Людовик XII пайдаланған тақ тәріздес унитазды да көре алады.





## *Бостондағы нашар өнер мұражайы*

*Бұл бір шынында да ерекше музей. Мұнда әлемнің түкпір түкпірінен келушілер дарынсыз суретшілердің суреттерін тамашалайды. Мұнда 200-ден астам нашар деп танылған картиналар қойылған.*



## Жертөледегі ерекше мұражай

Талдықорғанда жертөледегі ерекше мұражай бар. Ішінінен осыдан 15 мың жыл бұрын шыққан тиындарды, көне жәдігерлер мен түрлі бұйымдарды кездестурге болады. Барлығын колекционер 30 жыл бойы жинаған екен. Онымен қоса, жиынтығында 47 мемлекеттің тиындары бар. Мұнда алғаш пайда болған тігін машиналары мен көне таразы, ретро техникалар секілді бірнеше зат бар. Бәрі жұмыс істеп тұр.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

